

**Нұра аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 242 "Нұра ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2016 жылғы 12 мамырдағы 3 сессиясының № 22 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 24 мамырдағы № 3816 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 82 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 29.03.2024 № 82 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Нұра аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 242 "Нұра ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2614 болып тіркелген, 2014 жылғы 1 мамырдағы № 18 (5355) "Нұра" газетінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылы 05 мамырда жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген шешіммен бекітілген Нұра ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларының 2-тармағының 9) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"9) уәкілетті ұйым - "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;"

2) 26-тармақ алып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

**КЕЛІСІЛДІ:**

*Нұра ауданының жұмыспен қамту және*

*Н. Сүлейменов*

*Т. Оспанов*

әлеуметтік бағдарламалар бөлімі  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Г. Жүпенова

"12" мамыр 2016 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК